

ӘОЖ 338.45:622.323(571)

Ш.А. Болуспаев

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: shalkar87@mail.ru

Қазақстанның мұнай-газ саласын дамыту мәселелері

Мақалада Қазақстанның мұнай-газ саласын дамыту мәселелері қарастырылған. Соңғы жылдардағы қазақстандық ірі мұнай өндіруші компаниялардың инновациялық өнім көлемі көрсеткендей, жалпы мұнай-газ компанияларына қатысты инновациялық өнім, өндіру мен өңдеудің жаңа әдістері үлесі динамикасы жоғары емес. Статистика көрсетіп отырғандай, мұнай өндіру саласындағы мемлекеттік реттеу, соның ішінде салық салу да ірі мұнай өндіруші кәсіпорындарға өндірісті тұрақты түрде технологиялық жанартуға сенімді мотивация тудырмайды. Осылайша, ірі мұнай өндіруші компаниялар кен орнын іздеу, барлау, дайындау жұмыстарын жүргізгенде заманауи техникалық шешімдерді қолданып отырғанына қарамастан, Қазақстанның мұнай өндіру комплексінде инновациялық процестердің тұрақты оң динамикасы мен оларды дамытудың үрдісі әзірше байқалмайды. Инновациялық жобаларды дайындау мен зерттеуге бөлінетін ішкі шығындар өсімі динамикасы соңғы жылдары әзірше тұрақты сипат алған жоқ. Мұнай саласы бойынша инновацияларға тиесілі табыс үлесін көрсету арқылы жоғарыда аталған тұжырымды растауға болады

Түйін сөздер: мұнай-газ саласы, инновациялық даму, мемлекеттік реттеу, мұнай алу коэффициенті.

Ш.А. Болуспаев

Проблемы развития нефтегазовой отрасли Казахстана

В данной статье рассмотрены проблемы инновационного развития нефтегазовой отрасли Казахстана. Выявлены характерные черты нефтегазовой промышленности. Описано состояние коэффициента извлечения нефти, нефтяных месторождений. Были предложены пути стимулирования нефтяных предприятий на инновации путем государственных механизмов воздействия на отрасль.

Ключевые слова: нефтегазовый сектор, инновационное развитие, государственное регулирование, коэффициент извлечения нефти.

Sh. A. Boluspayev

Problems of development of the oil and gas industry in Kazakhstan

This article considering the development of oil-gas industry of Kazakhstan in this article. Recently, Kazakhstan's largest oil producer companies innovative products has decreased in proportion. in general terms, the oil-gas company regarding innovative products is very low. In industry, there are problems that indicate a need for the production of oil in innovative ways. As a result, many of the company lacks a motivation for the introduction of innovations. The state should pay attention to these problems, and by improving the tax and other mechanisms should stimulate innovation in the company's oil and gas industry. The continuous and purposeful work on the formation of the effective implementation of public policy..

Keywords: oil-gas sector, innovation development, state control, coefficient of oil recovery.

Мұнай ресурстары Қазақстан экономикасының бүгінгі күндегі маңызды негізі болып табылады және келешекте де оның өзектілігі ел экономикасы үшін төмендемесі анық.

Көмірсутек ресурстарының үлкен қоры және оны қолдануды қарқындату дағдарысты еңсерумен қатар экономикалық өсімнің жоғары қарқынына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазақстан мұнай-газ өнеркәсібінің өндірушілік қызметінің сипаттылық белгілеріне келесілерді жатқызуға болады:

- өндірудің басым бөлігі бұрын іске қосылған кен орындары арқылы қамтамасыз етіледі;
- ғылыми-техникалық және технологиялық жаңашылдықтың мұнай-газ саласы өндірістік қызметімен салыстырмалы әлсіз байланысы;
- кен орынның жекелеген бөліктері мен скважиналары деңгейінде ғана мұнай қайтымдылығын арттыруға қатысты инновациялық жобаларға бағыттылығы;
- бұрын құрылған өндірістік-технологиялық потенциалды, кен орындарын, объектілерді қолдануды жақсартуға басым бағытталуы;
- шикізат ресурстарын рационалды қолдануға, қорларды игеру тиімділігін арттыруға бағытталған көмірсутек шикізатын өндіру мен өңдеуге дайындау еңбек сыйымдылығының артуы;
- ғылыми-техникалық және технологиялық жетістіктерді қолдануда субъективті тәсіл.
- мұнай-газ саласындағы инновациялық прогрестің “артынан қуушы” типі. Шет елдік ірі мұнай-газ корпорацияларында енгізілген технологияларды қазақстандық мұнай өндіруші компанияларға енгізуі [1].

Соңғы жылдары қолданыстағы скважиналардың орташа дебиті жоғарылаған жоқ. Мұнай өндірісіндегі жұмыспен қамтылғандар саны артқанымен, негізгі капиталдың жаңаруы баяу қарқынмен жүзеге асырылуда.

Өткен ғасырдың 90-жылдары Қазақстанда мұнай корпорацияларының іс-әрекетін стандарттайтын процедуралар мен ережелерді қалыптастыруға емес, жер қойнауын пайдалануға құқық беруге бағытталған жер қойнауын пайдалану типі қалыптасты. Жер қойнауын пайдалану құқығын алған соң мұнай-газ корпорациялары өз шығындарын аса жылдам қайтаруға тырысты. Бұл мақсаттарына қол жеткізуде олар қорлардың ең жақсы бөліктерін қарқынды түрде өндіріске қолдануға кірісті. Қазіргі кезде мұнай-газ компанияларының қолында жер қойнауларының 90 пайызынан астамын қолдануға лицензиялары бар. Оның басым бөлігі ірі корпорациялардың қолында. Нәтижесінде көптеген шаруашылық жүргізуші субъектілерінде инновациялық сипаттағы техникалық және технологиялық шешімдерді жүзеге асыруға ынталары жоқ. Бұл жағдайда мұнай өндірісінің оң динамикасы ең

жақсы кен орындарының ең жақсы бөліктерін таңдамалы түрде өндіру негізінде қамтамасыз етіледі. Жағдайдың осылай қалыптасуына соңғы жылдардағы әлемдік мұнай бағасының жоғары болуы да өз ықпалын беріп отыр. Қарастырылып отырған контексте капиталды емес активтердің, яғни еңбек пен мұнай-газ компанияларының иелігіндегі мұнай-газ ресурстарын дайындау лицензияларының салыстырмалы арзан екенін айта кеткен жөн. Еңбектің салыстырмалы арзан бағасы жоғарыда аталған тенденцияның басты факторы десе болады. Екінші факторға тоқталатын болсақ, мысалы, соңғы он жылда көмірсутек қорларының бір тоннасын өндіру құқығын алу 2 доллардан астам тұрған екен, ал шығындарды көп қажет ететін, тәуекелі жоғары жана бөліктердегі іздеу және барлау жұмыстары, яғни қордың бір тоннасын өндіруге дайындау 4-6 доллар тұрған [2].

Аталған факторларға қарамастан, жер қойнауын өндіру саласындағы рационалдау үдерісі орын алуда. Рационалды жер қойнауын пайдаланудың дамуын сипаттайтын жалпы көрсеткіштердің бірі болып мұнай өндірудің дәстүрлі емес әдістерінің артуы табылады. Мұндай әдістерді ірі мұнай өндіруші компаниялардың біразы ғана қолданады. Соңғы 3-4 жылда “ТеңізШевройл”, “Қазмұнайгаз” және тағы басқа ірі мұнай-газ компанияларында жаңа технологияларды, соның ішінде қабаттар қайтымдылығын жоғарылату әдістерін қолдану артқан. Мұның негізгі себебі ірі компаниялар бұл әдістерді қолдану арқылы қолында бар кен орындарын барлау және дайындау лицензиялары негізінде бақылауындағы қорлардағы өндіріс көлемін инновациялық әдістер арқылы арттыруға мүмкіндік алады. Көлденең бұрғылау, бүйір тұрықтарын бұрғылау, гидроайырым операцияларын қолдану, қабаттағы қысымды арттырудың заманауи технологиялары дәстүрлі бұрғылаумен салыстырғанда капитал сыйымдылығын біршама төмендетеді. Бірақ жер қойнауын пайдаланудағы жаңа әдістердің үлесінің динамикасы жоғары емес.


Соңғы жылдардағы қазақстандық ірі мұнай өндіруші компаниялардың инновациялық өнім көлемі көрсеткендей, жалпы мұнай-газ компанияларына қатысты инновациялық өнім, өндіру мен өңдеудің жаңа әдістері үлесінің динамикасы жоғары емес. Статистика көрсетіп отырғандай,

мұнай өндіру саласындағы мемлекеттік реттеу, соның ішінде салық салу да ірі мұнай өндіруші кәсіпорындарға өндірісті тұрақты түрде технологиялық жаңартуға сенімді мотивация тудырмайды. Осылайша, ірі мұнай өндіруші компаниялар кен орнын іздеу, барлау, дайындау жұмыстарын жүргізгенде заманауи техникалық шешімдерді қолданып отырғанына қарамастан, Қазақстанның мұнай өндіру комплексінде инновациялық процестердің тұрақты оң динамикасы мен оларды дамытудың үрдісі әзірше байқалмайды. Инновациялық жобаларды дайындау мен зерттеуге бөлінетін ішкі шығындар өсімі динамикасы соңғы жылдары әзірше тұрақты сипат алған жоқ. Мұнай саласы бойынша инновацияларға тиесілі табыс үлесін көрсету

арқылы жоғарыда аталған тұжырымды растауға болады [3].

Жоғарыдағы мәліметтер мұнай өндіруші корпорациялар жаңа технологияларды, көмірсутек кен орындарын игеруде, дайындауда жаңа заманауи тәсілдерді өте аз қолданатынын, қорларды игерудің кешендік сипатының жоқ екенін көрсетеді.

Алдыңғы қатарлы корпорациялардың инновацияға бағытталған қызметі өндіруші өнеркәсіптің негізгі көрсеткіштер динамикасына, соның ішінде көмірсутек қорларын игеру тұрғысынан аса маңызды нәтижелік көрсеткіш – мұнай алу коэффициентіне де мардымсыз әсер етуде. Қазақстандағы мұнай алу коэффициентіне тоқталсақ (1-сурет).




1-сурет – Қазақстандағы мұнай алу коэффициенті өзгерісі [4]

Жоғарыдағы суреттен көргеніміздей, бұл көрсеткіш 1960 жылғы 51%-дан, 1990 жылдары 42%-ға, 2000 жылы 35%-ға төмендеген, ал қазіргі кезде 28% шамасында. Мұндай жағдайды тек Қазақстанның емес, мұнайы бар барлық ТМД елдері бойынша байқауға болады. Ресей мен Қытайда бұл көрсеткіш 27-30%-ды құрайды. Мұндай жағдай көптеген елдерді мұнай алу көрсеткішін арттырудың заманауи технологияларын іздестіруге, өндіруге міндеттейді. Америка Құрама Штаттарында осындай жұмыстар нәтижесінде мұнай алу коэффициентін 50%-ға дейін арттыруға мүмкіндік берді. Әлемдегі

энерго тұтындан екінші орын алатын Қытай Халықтық Республикасында “Ескі кен орындарын қайта игеру” бағдарламасы жасалып, жүзеге асырылуда [1].

Қазақстан үшін де кен орындарының өнімділігін арттыру мәселесі бойынша мемлекеттік қолдау керек екені анық. Кен орындарының өнімділігін арнайы инновацияларды енгізу арқылы жүзеге асыруға болады. Инновацияларды енгізу еліміз үшін қазір үлкен өзекті мәселе болып отыр. Себебі бәрімізге белгілі отандық мұнай өндіріс көлеміндегі “Қартайған” кен орындарының үлесі үлкен (2-сурет).



2-сурет – Қазақстандағы өндіріліп жатқан мұнайдағы “Қартайған” кен орындарының үлесі [4]

Жоғарыдағы суреттен көріп отырғанымыздай, Қазақстанда өндіріліп жатқан мұнайдың 52,7%-ын қартайған кен орындары береді.

“Қартайған” кен орындары – бұл өндірісі орташа тәуліктік өндіру көлемінің жоғары деңгейінен төмендеп кеткен немесе құлдырау кезеңінде тұрған кен орындары.

Жалпы республикамыздың шикізат саласындағы инновациялық қызмет теріс үрдістегі біраз сипаттарға ие. Оларға іздеу сипатындағы ғылыми-зерттеушілік жұмыстардың толыққанды жүргізілмеуі, мұнай бергіштікті жоғарылату әдістерін тек аса өнімді скажиналарға ғана қолдануы, басым бөлігі шетелдік технологияларды қолдануы жатқызылады. Нәтижесінде республикамызда тұрып қалған скважиналар қоры артуда. Олардың үлесі барлық қолданыстағы қордың 15-20%-ына жетеді. Мұнай өндірісіндегі инновациялық үдерістердің салалық және халық шаруашылықтық тиімділігінің төмен болуының себебі тек мемлекеттік статистикалық есептің бірыңғай формасының болмауында ғана емес, сонымен қатар мұнай өндіруші компаниялар арасында қайтымдылықты ұлғайту әдістерінің мазмұны жайлы жалпы түсініктің болмауында. Бірінші кезекте бұл мемлекет тарапынан жер қойнауын рационалды пайдалануды, сәйкесінше қабаттардың мұнай бергіштігін арттыруды нақты бақылаудың жоқтығымен байланысты.

Мұнай өндірісін үдетудің қайсыбір әдісін қолданудың мақсаттылық критерийі болып жер қойнауынан көмірсутекті қауіпсіз,

экономикалық тиімді алуды қамтамасыз ететін қорлардың рационалды қолданылуы табылу керек. Жер қойнауы мемлекеттікі болғандықтан оны рационалды қолданудың тәртібін де мемлекет белгілеуі керек. Мұндай тәртіптің негізін жер қойнауын пайдаланудағы “арнайы экономикалық-құқықтық” толық әрі теңестірілген режим құрау керек.

Жер қойнауын пайдаланудағы арнайы экономикалық-құқықтық режимді құрудағы тәсілдер әр елде, әр кезеңде әртүрлі болған. Бірақ кен орындарын игеру мен дайындау үдерістерін регламенттейтін ережелерді қалыптастыруда жиі кездесетін екі тәсіл бар. Біріншісі барлық кезеңде қатысушылардың іс-қимылын қатаң стандарттауға негізделген болса, екіншісі “оқиғадан” “үздік тәжірибеге” бағытталады. Бұл тәсілдер бір-біріне қарама-қайшы емес. Мысалы, қазіргі кезде Еуро одақ елдері кеңінен қолданып жүрген әртүрлі кәсіпкерлік қызметтерді жүзеге асыру бойынша ережелерді қалыптастырудағы тәсіл бойынша сәйкесінше нұсқауларды жасауды қажеттейді, бірақ тек ерікті түрде қабылданатын барлық жақтардың стандарттары рөлі жоғарылағанда ғана.

Дамыған елдер экономикасының мұнай өндіру саласындағы кәсіпкерлікті дамыту тәжірибесі көрсеткендей, жоба да, көмірсутекті өндіру деңгейі де өндірушілер қызметін реттеудің жалғыз параметрлері емес. Реттеу қызметінің маңызды бағыты техникалық регламенттердің орындалуын қамтамасыз ету-

мен байланысты. Өндіру деңгейі мен нақты техникалық шешімдер ағымдағы экономикалық жағдайға және нақты тау-геологиялық шарттарға тәуелді. Егер жер қойнауын пайдаланушы кен орнын қабылданған техникалық регламенттерге сәйкес жабдықтаса, ол жасалған активтерден қайтым алуға ынталы болады. Техникалық регламенттерді қолдану өндірудің белгілі бір қоғамдық қолайлы деңгейіне жетуге мүмкіндік береді. Техникалық регламент ерекшеліктерін ескере отырып, жер қойнауын пайдаланушылар қызметін реттеу, сәйкес билік органдары өкілдері жағынан жоғары кәсіби біліктілікті ғана талап етпейді, сонымен қатар қызметі мен

өкілеттілігі тиімді бөлінген сәйкес ведомстволар мен қызметтердің болуын қажеттейді [4].

Жоғарыда аталғандар Қазақстанның жер қойнауын рационалды пайдаланудың құқықтық-экономикалық режимі өзінің дамуын қажет ететінін дәлелдейді. Соның ішінде институтциналды реттеу механизмдерін жетілдіру мәселесі өзекті болып тұр. Мұнай өндірісінде орын алып жатқан оң инновациялық өзгерістер халық шаруашылығы мен жалпы қоғамды дамытуға жеткіліксіз. Шет елдің үздік тәжірибесін қарастырып, еліміздің мұнай өндіру саласындағы мемлекеттік реттеу механизмдерімен салыстыра отырып, жақсысын таңдау қажет.

Әдебиеттер

- 1 Жакишева А. Рациональное использования нефтегазовых ресурсов и развитие их регулирования // Экономика и статистика. – №1. – 2012. – С.63-63.
- 2 Марк Роллинз. Безопасность как ключевой фактор развития нефтегазового сектора // KAZENERGY. – №1 (56). – 2013. – С. 84-86.
- 3 Булекбай А. Проблемы «зрелых» месторождений в Республике Казахстан или возможность второй жизни // KAZENERGY. – №2 (57). – 2013. – С.100-106.
- 4 Мынбаев С. «Нам нужен стратегический резерв нефти» // KAZENERGY. – №3 (58). – 2013. – 62-63 б.

References

- 1 Zhakisheva A. Racional'noe ispol'zovaniya neftegazovyh resursov i razvitie ih gerulirovaniya // Jekonomika i statistika №1, 2012 zh. 63-65 b.
- 2 Mark Rollinz. Bezopasnost' kak kljuchevoj faktor razvitija neftegazovogo sektora // KAZENERGY №1 (56), 2013 zh. 84-86 b.
- 3 Bulekbaj A. Problemy «zrelyh» mestorozhdenij v Respublike Kazahstan ili vozmozhnost' vtoroj zhizni // KAZENERGY №2 (57), 2013zh. 100-106 b.
- 4 Mynbaev S. «Nam nuzhen strategicheskij rezerv нефти» KAZENERGY №3 (58), 2013zh. 62-63 b.